

Абай шығармашылығы Еуропа мен АҚШ-қа да белгілі. Қазақ ақын-жазушыларының үлкен досы Леонард Кошут қаламынан Абайдың «Өзіңді ағаш рет неміс тіліне аударылып шыққан еді. Осы аудармашы Берлиннен «өзіндік, қайталанбас, терең мағына мен маңызға ие... Абай өлеңдерінің інжілдік-шығармашылық қуаты» өзін таңғалдырғаны туралы жазады. «Оның поэтикасы сіресіп қалған дәстүрлерді жеңгендіктен, бейнесіздігіне, дауыс ырғағына дейін бұзады, аудармашы ақын алдына күрделі мәселелер қояды...» деп таңданады ол. Абай өлеңдері әртүрлі көңіл күйде – батыл, мазасыз, ойлы, қайғылы, жалғыз етіп көрсетеді. Мұның бәрі бізге, ХХІ ғасыр оқырмандарына берілген.

Абай үнінің ғажайып күші туралы айтудан Францияда Маллен және Альберт Фишлер еш тынған емес. Ақын, философ, ойшыл өлеңмен «адамдар арасындағы қарым-қатынастар өзара бау, ұғынысу және құрметтеу негізінде қалыптасуы тиіс... Иә, Абай сөзін бізге бергені. Абай біздің рақат күйде ұмытылып қалуымызға жол бермейді. Абайдың «Ескендір» поэмасындағы: «Жақсы болсаң, жарықты кім көрсетеді, оң бағанды еліңнен кім сұрайды?!» деген сөздеріндегі философиялық ой-толғаныстарда өсиет пен ғибрат үнемі байқалады».

Абай әдебиеттануы Абай шығармашылығына ерекше қызығушылық танытады. Шығыстанушы, түркітанушы-ғалым Владимир Мининскийдің 1914 жылы шығыстанушы, академик Николай Веселовскийдің 70 жылдығына арналған «Шығыс жинағына» Абай мен Шығыс Дүниесі шығармаларын енгізген. Әдеби байланыстардың осы даңқты дәстүрлерінің жалғасындай РҒА М.Г. Горький атындағы Әлем әдебиет институты РФ және ТМД халықтары әдебиеттері бөлімінің меңгерушісі, Ресей Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі Абай Құнанбаев шығармашылығын қазіргі зерттеу тұрғысында оның қазақтар үшін маңызы орыс әдебиетіндегі Пушкин үнімен салыстыруға келеді», деп жазады.

Қауып, әдебиеттанушы, М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымының докторы Николай Александрович Абай туралы «Абай. Ұшудың ауырлығы» атты «Тамаша адамдар өмірі» сериясы бойынша шыққан кітабын (Мәскеу, 2000) Абай өмірі мен шығармашылығына арнады. Ғалым өз еңбегінде Абай «жас күнінен жыр ортасында өсті, ол ырғақ пен дыбыс-түсінікпен өсті. Бұл туралы Мұхтар Әуезов өзінің роман-эпопеясында тамаша суреттеген. Баяндау сөзі үнемі өзгеріске ұшырайды, бірде қарама-қарсы жаққа, енді бірде арғымақтың жүрек жылдамдығын алады. Абай поэзиясының ырғақты кейбі де осындай – бірде одан керісінше, бірде алыстан дала тынысын бұзған құмның, жер қыртысының үнсіз кимылы, енді бірде аң аулайтын қарсаңның, тағы бірде ат тұяқтарының тықылы естіледі», деп тамсана жазды.

Абай поэтикасы елдер мен құрлықтарға танылуда, себебі оның поэзиясында ұлы ақынның бүкіл өмірі қамтылған, оның жарқын шығармашылығы арқылы жырланған.

Түркістандық жылдары Абайдың ақындық дауысы ағылшын, белорус, болгар, корей, монғол, неміс, поляк, түрік, француз, парсы, урду тілдеріне аударылды. Жаңа аудармалар қазақ ақынының жарқын да қайталанбас жыр әлемін ашып берді.

Абай әлемді бағындыруда. Оның өлеңдері корей тіліне Абайдың 100 туындысын аударған Ким Бён Хақ үшін «жүйрік аттың шабысын көрсетеді, өмірлік күш-қуатқа толы. Оның арғымақтары гүлге толы даламен желіп келе жатқандай әсер беріп, қоршаған ортаны таңқаландырады. Мәңгілік тұлпарларға айналған бұл арғымақтар даланың үстінен бірде шапшаң ұшса, бірде Қазақстанның ашық аспанында ұшып қалыптайды».

Абай, ең бірінші, – қазақ халқының жаны, ал оның «қара сөздері» әлем мен адамдар мағынасын ұғынудың құнды кітабына айналды. Оның сөздері өтсе де өзінің қуатты күшін жоғалтқан емес. «Рас, бұрынғы біздің ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан білімі, күтімі, қабілеті, тазалығы төмен болған, бірақ бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен... Ат аталып, аруақ шақырылған жерде өмірлік мәні, артықшылық қарамайды екен, жанын салысады екен... Бұлар да арлылық, намыстылық, табандылықтан келеді», деген Абай үні (Абай ақынның сөзі) ғасырдан артық уақыт өтсе де өзінің қуатты күшін жоғалтпай, тереңдігімен таңғалдырады.

Абайдың 150 жылдық мерейтойы 1995 жылы ЮНЕСКО денгейінде бүкіл әлемде кеңінен атап өтілді. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтің өкілі ұлы Абайдың мерейтойын ЮНЕСКО-ның Естелік күнтізбесіне енгізу туралы ЮНЕСКО-ға хат жазған болатын. Назарбаевтің өзі ерлікке пара-пар ерекетінің арқасында Абай мерейтойының биік денгейде атап өтілуі үлкен әлемдік құбылысқа айналып, қазақ шығармашыларының ұлы ақын, ойшыл мұрасына қызығушылығын арттырғаны белгілі.

Абай шығармалары – рухани жаңғыру негізі

Жаңы Абайдың сөздеріне талдау жасасак, оның қазақ қоғамындағы көптеген көкейкесті мәселелерді қозғайтын көреміз. Айталық, өлеңмен адам баласының алдында руханиятты дамыту, бейбітшілікті нығайту және табиғатты қорғау сынды зор міндет тұр. Бұлардың ең бастысы да біздің тіршілігіміздің қайнар көзі. Басты бағдары десек те артық айтқандық емес. Бірін-бірі толықтырып тұрған ұғымдар. Олардың бірі Қазақстанның ғана емес бүкіл әлемнің болашағы байлаулы деп Елбасы Н.Ә. Назарбаев қадап атап өтті. Мұның ішінде, рухани жаңғыру – ең маңыздысы. Себебі адам баласы рухани азықсыз өмір сүре алмайды.

Жаңы әлемдегі кез-келген халықты алып қарасак, олар ең алдымен тәлім-тәрбиеге, білімге, адамгершілікке үндейді. Болашақ ұрпақтың бойына рухани азықты сіңіруге тырысады. Өйткені, тәлім-тәрбиенің адам өмірінде алатын орны ерекше. Ғұлама ғалым, әлемнің ең алғашқы ғалымы Әбу-Фарабидің «Тәрбиесіз берген білім адамзаттың хас жауы» деген аталы сөзі бар. Осы тұрғыда келгенде, қазақ халқының рухани азығын А.Құнанбайұлы өлеңдері мен қара сөздері халыққа ерекше тәрбие береді, адамгершілікке үндейді. Ондайдан қиына қарай, өлеңмен жарыққа қарай, қызықты, күлкілі жайдан үлкен толғаулы қорытындыға қарай рет-ретімен жіктейді. Енді тәрбиелік мәні зор, жастар үшін маңызды құнды қара сөздерге көңіл аударайық.

Қасиетті, адалдықты ту еткен данышпанның қоғамдағы орнын айқындап, ақынға «рухани сардар» деген атақ беріп, оны оқудың маңызын айтты. Қазақ қоғамының рухани сардарлардың іліміне әрдайым мұқтаж екендігін ойшылдың өзінің: «адаспай тура жол іздеген адамдар болмаса, дүние ойран болар еді» - деген мәнді сөздерінен де аңғаруға болады.

Қарай уақытта адам жаны табиғаттың экологиялық ахуалы сияқты күй кешуде. Осы жағдайды жақсарту үшін адамзат рухани жаңғыруға тиіс, жаңғырудың негізгі кілті Абай ілімінде жатыр. Абай ілімінің негізгі өзегі – адам санасының ізгілікке өзгеруі. Ақын қоғам өміріндегі адам тәрбиесінен бастау алатынын көрсетті. Адал жолмен жүрмей адам түзелмейді, адам түзелмей қоғам түзелмейді, қоғам түзелмей адам арқауына жеке-жеке өзін-өзі түзетін, адалдықтың ақ жолын аңғарып алғаны абзал. Абайды оқушы ойлы көзбен қараса, онда ол өзін-өзі тәрбиелейді. Жаңы таза адам жамандыққа бармайды. Жүрекке тұнған Абай ілімі жамандыққа жібермейтіні сөзсіз. Абай Ислам дінінің негізгі сыйық амалдар тобын үш сатыға бөледі.

Төменгі саты – күйбең тірліктің күнін күйттеп жүргендер. Білімге құмарлығы жоқ, артық білуге талпынбайтын адамдар тобы. Бұл сатыда Абай өлең сөзіндегі сөз етеді де, бұл топтағы адамдарды «жарым адам» деп атады. Ал, білімге деген маңыздылық адамның жолын анық көрсететінін: «Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпенен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болар» - деп айтты.

Ортаңғы саты – өзін-өзі, өзіндік болмысын толық танып, адамдықтың шынына жету сатысы. Бұл сатыға әділеттілік, адалдық, ақылменділік, қамқорлық, достық сияқты барлық гуманизм шарттары енеді. «Бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол, адам болам десем» - деп таратып, оң мен солымды айғақтап береді.

Жетілуің жоғарғы сатысы – рухани жетілу. Рухани жетілген адам – тән емес, жан азығын қамдаған адам. Бұл туралы ақын он сөзінде ақыл, қайрат, жүрек өнерлерін таластырып келгенде ғылым: «Осы үшеуін бір кісиде менің айтқанымдай табылсаңдар, өмірменен танырағы көзге сүртерлік қасиетті адам – сол. Үшеуін ала болсаң, мен жүректі жақтадым» - деген. Қазақ қанша жыл қайратты пір еткен артық-кемшіліктің құрбаны да болды, ал қарыштап дамыған заманда ғылым-білімге ден қойып, түрлі заттар ойлап тапқанымен, өмір сүріп отырып да тартып жатқандығы жатыр. Бұл екеуін жүрекке бағындыруының себебі де осы. Жүрекке Абайдың «үш сүю» негізі жатыр:

«Махаббат пен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй оң Алланы жаннан тәтті.
Махаббаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және сүй Хақ жолы деп әділетті»